# Нұсқаулық
# Арнайы мектепке конкурстық қабылдауға өтінімді беру

Мектепке қабылдауға өтінішті беру үшін:

1. mektep.smart-pavlodar.kz сайтына кіріңіз;

2 ары қарай негізгі парақшада «Арнайы мектепке конкурстық қабылдауға өтінімді беру» қызметін таңдаңыз (1-сурет).




1-сурет. Қызметті таңдау

3. Пайда болған авторизация терезесінде «ЭЦҚ бойынша» кіру түрін таңдап, кілтті сақтау орнын таңдаңыз да, ары қарай «Сертификатты таңдау» батырмасын басыңыз (2-сурет).

2)




2-сурет. ЭЦҚ бойынша авторизация

4. Ары қарай ЭЦҚ кілтін (AUTH_RSA) таңдап, құпиясөзді енгізіңіз де, «ОК» батырмасын басыңыз (3-сурет).




3-сурет. ЭЦҚ-ның құпиясөзін енгізу

***Назар аударыңыз!***
***Жүйеге бірінші рет кірген кезде электрондық поштаны көрсету қажет.***

5. Авторизациядан өткеннен кейін «Өтінімді беру» тарауын басыңыз (4-сурет).




4-сурет. Өтінішті беру

6. Одан кейін конкурстық таңдауды өткізу кестесімен танысуды растау көрсетілген терезе жүктеледі. Өтінішті берудің алдында пайда болған сілтеме бойынша өтіп, кестемен танысып, растап, одан кейін «Таныстым» батырмасын басыңыз (5-сурет).




5-сурет. Қызметтің сипаттамасы

7. Ары қарай өтініштің нысаны ашылады. Ашылған нысанда өтініш беруші туралы деректер автоматты түрде ЖТ ДМБ-дан толтырылады. Бірінші қадамда электрондық поштаны, телефон нөмірін толтырып, баланың ЖСН көрсету қажет (6-сурет).




6-сурет. Байланыс деректерді және баланың ЖСН енгізу

***Назар аударуды өтінеміз!***
***Өтінішті берген кезде өзекті байланыс деректерді (ұялы телефон нөмірін, электрондық поштаны) енгізу қажет.***
***Көрсетілген электрондық поштаға және телефон нөміріне хабарлау сипатындағы хабарлама жіберілетін болады.***

8. Келесі қадамға өтінімді беру үшін қажетті деректерді толтыру жатады. Мұндай қадамда сыныпты, оқыту тілін, мектепті таңдау қажет (7-сурет).

***Назар аударуды өтінеміз!***
***Өтінішті берген кезде конкурстық таңдауды өткізу кестесін және бос орындардың болуын ескеру қажет.***




7-сурет. Мектепті, сыныпты және оқыту тілін таңдау.

9. Өтінішті беру үшін тиісті тармақтан оң белгісін басып, компьютерден қажетті файлдарды таңдаңыз да, міндетті құжаттарды қоса жүктеңіз. Барлық міндетті құжаттарды қоса жүктегеннен кейін «Онлайн өтінімді жіберу» батырмасын басыңыз (8-сурет).




8-сурет. Қажетті құжаттарды қоса жүктеу және өтінімді жіберу

***Назар аударуды өтінеміз!***
***Барлық құжаттардың тек қана оқылатын көшірмелерін қоса жүктеу қажет. Дұрыс емес (оқылмайтын) құжаттарды қоса жүктеген жағдайда (9-сурет), Сізге қызмет көрсетілмейді.***


Список системных данных

9-сурет. Оқылмайтын құжаттың мысалы

10. Соңғы қадамда «Өтінімді онлайн жіберу» батырмасын басып, ЭЦҚ (RSA) көмегімен жіберу үшін қол қойыңыз.

11. Сәтті тіркеген кезде өтінішті тіркеу туралы хабарлама терезесі пайда болады. Хабарлама терезесін жабу үшін «ОК» батырмасын басыңыз.

12. Берілген өтініштер журналын қарап шығу үшін негізгі парақшадағы «Өтініштер журналын» басыңыз (10-сурет).




10-сурет. Өтініштер журналы

***Назар аударуды өтінеміз!***

- ***Білім беру мекемесіне қабылдаудан бас тарту кезінде өтініш берушіде өтінімді қайтадан беру мүмкіндігі болуы тиіс;***
- ***Егер қабылдауға өтінім осыған дейін берілсе және мұндай өтініш қарастыру барысында болса, өтінішті қайтадан беру мүмкіндігі болмайды.***